



МАҢЫЗДЫ

Әлеуметтік мәселелер – басты назарда

Еліміздегі алпауыт кәсіпорынның бірі саналатын Атырау мұнай өңдеу зауытында үш мыңға жуық қызметкер бар. Зауыттың басты құндылығы – адамдар болғандықтан олардың сұрақтары, мәселелері, мұң-мұқтажы да талқылауға тұрарлық. Осы орайда Бас директордың жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары Сәлімжан Нақпаев цех басшыларын, цех комитеті мүшелерін және басты мәселелерге жауап беретін мамандардың басын қосты.

Онда еңбекақы, әлеуметтік мәселелер мен жұмысшылар жағдайын жақсарту бойынша пікірлер тыңдалып, талқыға салынды.

Әр басшы өз құрылымындағы шешуді талап ететін өткір мәселелерді ортаға салды. Уақыт талабына сай құрылған зауыттың телеграмм-каналында да бірқатар мәселелер қаралып жатады. Соның ішінде

медициналық сақтандыру, ас мәзірі, жалақы мәселесі мен жеке сұрақтар көптеп келеді. Олардың жауаптары мен сұраныстарын қанағаттандыру бойынша шешімдер ойластырылды.

Жиын соңында мамандар тарапынан цех өкілдеріне кеңінен түсінік беріліп, әрі қарай қызметкерлерге жеткізулері үшін бірқатар тапсырмалар берілді.

На АНПЗ определили
лучших рационализаторов



Зауыттықтар қайырымдылыққа
үлес қосты

КЕЗДЕСУ

Шеберлік пен ұшқыр ой тоғысқанда...

«АМӨЗ» ЖШС Бас директоры Ғалымжан Жусанбаев Нұрибек Шманов атындағы мұнай айдау стансасына барып, оның жұмысымен танысты.



Сапар барысында жұмыс тобы стансаның қазіргі жай-күйін, жабдықтардың техникалық жағдайын, мұнай көлемін есепке алу торабын, сондай-ақ шикізатты тасымалдау және жеткізу үдерісін қарап шықты. Сонымен қатар, мұнай сақтауға арналған резервуар парктері мен басқару орталығы сияқты маңызды нысандарды аралады. Кездесу барысында Ғ. Жусанбаев «ҚазТрансОйл» АҚ Атырау мұнай құбыры басқармасының басшысы Марлен Төлегеновпен мұнай жеткізу және есепке алу көлемі, энерготиімділік, сорғылардың тозу деңгейі және басқа да маңызды мәселелерді талқылады.

Н. Шманов атындағы мұнай айдау стансасы – Маңғыстау өңірінен Атырау мұнай өңдеу зауытына мұнай тасымалдайтын маңызды нысан. Ай сайын станса арқылы АМӨЗ-ге 480 мың тонна шикі мұнай жеткізіледі.

ИЗ ЦЕХА – В ГАЗЕТУ

На АНПЗ определили лучших рационализаторов

В рамках ежегодного конкурса «Лучший рационализатор-2024» на Атырауском НПЗ выбрали самые эффективные инновационные проекты, разработанные сотрудниками предприятия.

Всего было подано 41 рационализаторское предложение, из них к рассмотрению инновационным комитетом принято 29 технических решений и 7 перспективных идей.

Победителями конкурса стали **начальник ООУП Даулет Кубес** и **начальник ПГП Самгат Рашев** с рацпредложением «Очистка некондиционного сжиженного нефтяного газа парка хранения сжиженных нефтяных газов ПХСНГ на установке Sulfrex ПГП». Это техническое решение нацелено на недопущение производственных рисков, применяется в технологическом процессе с начала 2025 года и уже доказало свою эффективность. Проект позволяет очищать некондиционный СУГ от сернистых соединений.

Второго места, по мнению Инновационного комитета, достойны предложение **начальника ПГПН Меирбека Гилагова** о внедрении новой линии для вывода легкого газойля с установки каталитического крекинга на установку Prime D, а также техническое решение изменения схемы подачи газа и установки запорной арматуры на линии подачи газа печи П-2, авторами которого являются **начальник установки ЭЛОУ-АТ-2 Медет Зинуллиев** и **заместитель начальника установки ЭЛОУ-АВТ-3 Ернар Мухамбетов**. Оба проекта способствуют повышению надежности оборудования и недопущению внеплановых простоев установок.

Третьих мест тоже два. Это рационали-

заторские предложения **ведущего специалиста по инспекциям ОМЦО Жумажана Жаната** и **заместителя начальника установки каталитического риформинга ССР Виталия Браташова** «Монтаж запорной арматуры на линии слива из D-208» и **инженера по качеству ИЦ ЦЗЛ Шады Курамшиной** и **инженера-химика лаборатории нефти и нефтепродуктов Натальи Плотниковой** «Программное обеспечение для определения значения плотности при температуре 20°C».

Победители конкурса награждены денежными призами.

Также инновационным комитетом были отмечены **оператор пульта управления ПКис А. Гуцин**, который вынес на заседание инновационного комитета 5 рационализаторских предложений и 3 идеи; **Е. Мухамбетов** (4 рационализаторских предложения); **Ж. Жанат** (3 рационализаторских предложения); **начальник ПАУ Д. Демешев** (3 рационализаторских предложения); **заместитель начальника ПАУ Т. Баймбетов** (3 рационализаторских предложения); **начальник установки каталитического риформинга ССР А. Жардемғалиев** (3 рационализаторских предложения); **заместитель начальника цеха очистных сооружений и промканализации Т. Нугманов** (3 рационализаторских предложения).

Все технические решения новаторов направлены на повышение эффективности рабочих процессов и увеличение произ-

НАЗНАЧЕНИЕ

Согласно приказу №13-к от 16.01.2025 г. заместителем генерального директора по производству – главным инженером назначен **Ещанов Нурлан Сисенбаевич**.
Дата рождения: 04.09.1970.

Образование

Атырауский институт нефти и газа, специальность «химическая технология топлива и углеводородных материалов», инженер-химик-технолог; Атырауский университет им. Досмухамедова, специальность «экономика», экономист.

Профессиональная деятельность

1996 – 2025 гг.:

АО «АНПЗ»: оператор ЭЛОУ-АТ-2 4-го разряда цеха №1; начальник установки ЭЛОУ-АТ-2 цеха №1; старший оператор технологических установок АТ-2 6 разряда цеха №1;

ТОО «АНПЗ»: начальник установки ЭЛОУ-АТ-2 производства «Переработки нефти и глубокого обессеривания нефтепродуктов»; начальник установки ЭЛОУ-АВТ цеха ППНГО; заместитель начальника технического отдела;

АО «КазМунайГаз-переработка и маркетинг», главный менеджер департамента нефтепереработки; главный менеджер департамента управления проектами модернизации НПЗ; начальник отдела организации деятельности научно-технического совета, департамента технического развития; главный менеджер технического отдела, департамента технического развития; начальник производственного отдела, департамента нефтепереработки;

ТОО «АНПЗ»: заместитель начальника технического отдела; начальник ИЦ «ЦЗЛ»; начальник производства гидрогенизационных процессов; начальник отдела охраны окружающей среды; и.о. заместителя генерального директора по производству – главный инженер.

Согласно приказу №14-к от 16.01.2025 г. начальником отдела охраны окружающей среды назначен **Темиров Абзал Амантаевич**.
Дата рождения: 27.02.1987.

Образование

Атырауский университет им. Досмухамедова; специальность «экология»; бакалавр.

Профессиональная деятельность
2007 – 2025 гг.:



Аналитическая лаборатория по охране окружающей среды, г. Атырау: специалист отдела химических и радиологических исследований атмосферного воздуха;

Жайык-Каспийский департамент экологии, г. Атырау: ведущий специалист отдела государственной экологической инспекции;

Департамент экологии по Атырауской области: главный специалист отдела лабораторно-аналитического контроля;

Департамент экологии по Западно-Казахстанской области, г. Уральск: начальник отдела лабораторно-аналитического контроля;

Западное межрегиональное управление государственной инспекции в нефтегазовом комплексе министерства энергетики РК: заместитель руководителя;

Департамент экологии по Атырауской области: руководитель отдела государственного экологического контроля;

Западное межрегиональное управление государственной инспекции в нефтегазовом комплексе министерства энергетики РК: руководитель управления;

Департамент экологии по Атырауской области: руководитель отдела экологического регулирования;

Samruk Business Academy: ведущий инженер по охране окружающей среды;

ТОО «АНПЗ»: ведущий инженер по охране окружающей среды; и. о. начальника отдела охраны окружающей среды.

Согласно приказу №6-к от 27.01.2025 года руководителем пресс-службы – пресс-секретарем назначен **Темиргалиев Жандос Нурболатұлы**.
Дата рождения: 01.07.1997.

Образование

Атырауский университет им. Досмухамедова; специальность по диплому – казахский язык и литература; бакалавр.

Профессиональная деятельность

2016 – 2024 гг.:

Республиканская телерадиокорпорация «Қазақстан», Атырауский ОФ: ведущий редактор радиослужбы; редактор-ведущий творческой деятельности по подготовке телепередач;

Республиканская телерадиокорпорация «Қазақстан», г. Астана: собственный корреспондент корреспондентского соединения (регионов); корреспондент Корреспондентской службы отдела информационных проектов Дирекции информационно-аналитических программ.



водительности труда. Авторы наиболее удачных идей наградили за креативность, а их разработки уже применяются на производстве.

– Развитие рационализаторского движения позволяет использовать внутренние ресурсы для улучшения существующих процессов, в том числе за счет устранения непроизводительных затрат. Сотрудникам на местах лучше видно, что нужно изменить, чтобы выполнять работу проще и эффективнее, с меньшими затратами времени и ресурсов, – считает заместитель начальника


отдела по инновационной деятельности **Асылхан Жумабеков**.

Напомним, что, согласно Положению о рационализаторской деятельности, автором рационализаторской идеи и рационализаторского предложения может стать каждый заводчанин. Для подачи заявки необходимо зарегистрироваться на сайте «Банка идей» (idea.kmg.kz). Согласно Положению о рационализаторской деятельности каждому работнику за рационализаторское предложение или рационализаторскую идею выплачивается мотивационная выплата.

ЗАВОДУ – 80 ЛЕТ

Как запускали ГУДРИ

В юбилейный год мы публикуем истории завода и воспоминания о годах становления и развития АНПЗ — первенца нефтеперерабатывающей промышленности Казахстана.



Установка Гудри из США

ИСТОРИЧЕСКИЙ ДЕНЬ ДЛЯ НЕФТЯНОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ КАЗАХСТАНА

В 1943 году принимается решение о строительстве в короткие сроки НПЗ в Гурьеве. Это событие можно назвать поворотным в истории развития нефтяной промышленности Республики. Работы стартовали в октябре 1943-го. План первого года строительства был перевыполнен в 1,5 раза. В 1944-м возвели завод по производству гипса и гипсоблоков и ТЭЦ для обслуживания НПЗ; построили водозабор, водовод, очистные сооружения, канализационные сети; проводились пусконаладочные работы. На следующий год велось строительство технологических установок, пожарного депо, заводоуправления и других объектов. На площадке трудилось порядка 10 тыс. человек.

ВКЛАД АМЕРИКАНЦЕВ

Участвовали в возведении НПЗ в г. Гурьеве американцы, разработавшие технический проект и поставившие в рамках программы «лендлиз» на строящийся завод часть оборудования, основным из которых являлась установка каталитического крекинга системы «Гудри». В общей сложности для нефтяной промышленности Советского Союза через дальневосточный порт США направили около 100 тыс. тонн оборудования, 30% которого предназначалось для нашего НПЗ.

УСПЕШНЫЙ ПУСК

Из воспоминаний Гавриила Гореченкова, первого директора завода: «С начала октября приступили к комплексному опробованию оборудования и подготовке к пуску. Узнав о нашем решении, инспециалисты официально известили нас о снятии с себя ответственности за последствия, которые, как они заявили, неизбежно последуют. Так началось комплексное опробование сложного оборудования и подготовку к пуску действительно сложной и технически совершенной установки «Гудри». Немало было проведено нами бессонных ночей на установке. Откладывался не один раз срок приема сырья на установку и вывода её на поток. Инспециалисты заявили, что перед тем, как мы будем принимать на установку сырьё, — они покинут территорию завода. Пусковые работы на установке «Гудри» продолжались.

На завод прибыла государственная комиссия по приемке завода в постоянную эксплуатацию. Председатель комиссии, начальник Главнефтепереработки, образованнейший инженер-технолог Г.И. Болдырев, ознакомившись с планом пуска установки и осмотрев на рабочих местах ход работ, остался доволен тщательностью, осторожностью и уверенностью всего персонала, занятого пуском. Несмотря на наше общее желание принять сырьё на установку и вывести его на технологический поток обязательно в дневное время, этот ответственный момент прошёл ночью 5 декабря 1945 года, при сильном снегопаде, в первые часы всенародного праздника — Дня Конституции.

Утром на завод приехали руководители обкома и облисполкома, а также члены государственной комиссии, которые тепло нас поздравили с успешным запуском установки. Освоение установки проходило спокойно, без каких-либо происшествий, чему мы все были предельно рады, а инспециалисты изумлены таким успехом.



Установка названа именем её создателя, французского и американского инженера-механика, изобретателя Эжена Гудри, разработавшего процесс каталитического крекинга нефти. По сегодняшним меркам была малопроизводительной и энергозатратной. Газы регенерации катализатора перемещались в атмосферу без какой-либо очистки,

эвакуация остаточных нефтепаров из реакторов производилась барометрическими конденсаторами, откуда несконденсированная часть перемещалась также в атмосферу. Для поддержания температуры эндотермических реакций крекинга и риформинга, съёма тепла экзотермической реакции регенерации катализатора использовалась легкоплавкая смесь натриевой и калийной солей, которая через каждые два года заменялась свежей. Каждые два года заменялись также реакторные трубы и катализатор. Тем не менее необходимо отметить, что Гудри в то время была высокоавтоматизированной, открытие и закрытие основных задвижек реакторного блока производились автоматически по таймеру. Установку «Гудри» на АНПЗ списали как полностью изношенное оборудование в 1980 году.

Успешный пуск и освоение одного из сложнейших объектов завода исключил необходимость приглашения специалистов из-за океана и выплаты государством за их услуги миллион рублей золотом.

Благодаря процессу Гудри, который к этому времени давал бензин с октановым числом близким к 100, союзники во время Второй мировой войны получили преимущество в воздухе, так как немцы не могли производить бензин с октановым числом выше 90.

(материал подготовлен по воспоминаниям Гавриила Гореченкова; ветерана завода Геннадия Яшикова; из книги «Первенец нефтепереработки Казахстана» Ж. Есенова)

ЕҢБЕК АДАМЫ



«1966 жылы қаңтар айында көпбалалы отбасыда дүниеге келдім. Ата-анамыздан тараған алты бауырдың ішіндегі төртінші перзентімін. Әкем мен анам қарапайым еңбек адамдары болды. Өз мамандықтарының үздіктері. Ұзақ жылдар бойы қызметте болып, құрметпен еңбек демалысына шыққан жандар. Өкінішке орай олар қазір өмірде жоқ. Сол кісілердің арқасында өсіп-өніп, тәрбиеленіп, білім алып, отбасын құрып, әр саланың мамандары ретінде қызмет етіп жатырмыз», — деп бастады әңгімесін кейіпкеріміз.

1983 жылы орта мектепті үздік аяқтап, сол жылы Ресейдің Волгоград қаласындағы химиялық-технология техникумына оқуға түседі. Техник-технолог мамандығын игеріп шыққан Күнсұлу Адильжанқызы 1987 жылы шілде айында Атырау мұнай өңдеу зауытының орталық зертханасына жұмысқа орналасады.

«Қызметке тұрған жылы лобарант көмекшісі кейін аға лобарантқа көтерілдім. 2008 жылдан бері ауысым

Зейінді зертханашы

Атырау мұнай өңдеу зауытының 80 жылдық тарихындағы жетістіктеріне көз тастайтын болсақ тебіренбеу, таңғалмау мүмкін емес. Сол белестердің барлығының басында майталман мамандарымыз бен ісіне адал қызметкерлеріміз тұр. Жастайынан зауыт өміріне араласып, кәсіпорынның биікке өрлеуіне септігін тигізіп жүрген жандардың бірі — Күнсұлу Рахимова.

химигі міндетін атқарып келемін. Әр жұмыстың өз қиындығы мен қызығы қатар жүреді. Осындай мамандықты таңдағаным еш өкінбеймін. Көптеген жаңа қондырғылар іске қосылды, қиындықтар болды, көп оқыдық, көп іздендік соңында бәрін үйреніп, игеріп алдық. Осы саланың қыр-сырын жалықпай үйретіп, білікті тәжірибелерін көрсетуден жалықпаған ұстаздарыма алғысымды айтамын. Ол кісілердің көбісі қазір құрметті демалыста. Қасындағы әріптестерім өз істерінің майталмандары. Мен де өз тәжірибемді жастарға үйретуден аянбаймын», — дейді Күнсұлу Рахимова.

Редакция ұжымы да кейіпкеріміздің жұмыс орнына барып, қызметімен танысып қайтқан болатын. Күнсұлу Адильжанқызының әріптестерімен арақатынасы, жұмысына деген махаббаты әр әрекетінен, сөздерінен байқалып тұрды. Бірге қызметтес болып жүрген мамандардың пікірі еңбек адамын жаңа қырынан танытқандай болды.

Элеонора Орналиева, «ОЗЗ» СО мұнай және мұнай өнімдері зертханасының инженер-химигі:

— Алғашында мен басқа бөлімде қызмет етіп жүрген кезімде Күнсұлу Адильжанқызын өте қатал, мінезі ауыр жандай қабылдайтын едім. Үнемі айқайлап жіберетіндей болатын. Қазір

3 жылға жуық бір бөлмеде отырамыз. Уақытымыздың көп бөлігін бірге өткіземіз. Өте ақкөңіл жан деп айта аламын. Дауыс ыраағын көтеріп сөйлегенімен жанашырлығы, адамгершілігі бір төбе.

Динара Кенжеғалиева, «ОЗЗ» СО инженері:

— Күнсұлу Адильжанқызын жауапкершілігі жоғары маман ретінде толық айта аламын. Өзі ісін деген адалдығы, жұмысының жоғары дәрежеде орындалуына мән беретін жан. Сырты қатты, іші жұмсақ, жүрегі мейірімге толы. Қасындағы әріптестеріне жанашыр. Бәріміз — біріміз үшін деген ұстаныммен жүреді десем де болады. Бірбеткей, алға қойған мақсатына жетпей қоймайтын мықты тұлға ретінде сыйпаттағым келеді. Кез-келген сұрағымызға ерінбей жауап беріп, білмеген тұстарымызға аса бір ұқыптылықпен үйретуден жалықпайтын тамаша жан ретінде білемін». Осылайша Күнсұлу Рахимова өз ісінің майталманы ғана емес, жүрегі кең, кішіпейіл, адамгершілігі мол тұлға екендігіне көз жеткізді.

Сонымен қатар жастық шағында спортпен шұғылданғандығын да естіп қалдық: «Жас кезімізде жүгіру спортымен айналыстым. Қазіргі таңда денсаулығымның жақсы деңгейде болуы, қалпымды сақтап, қызметте зыр жүгіріп жүруім де сол спорттың арқасы шығар. Спорт

— ол ең алдымен дисциплина. Ал тәртіп бар жерде барлығы дұрыс болады деп ойлаймын. Бүгінде орталық зауыт зертханасының жетістіктерге жетуі де темірдей тәртіптің арқасы. Ол бізге байырғы басшыларымыз салып кеткен фундамент. Сол іргетасын құлатпай биіктерге көтеруге әр қызметкер тырысып келеді. Зертханадан түлеп ұшқан талай мамандарымыз үлкен лауазымдарда еңбек етуде. Бұл біз үшін үлкен мақтаныш».

Кейіпкеріміз жұмысын жақсы көргені соншалық, қиындығы мен қуанышы қатар жүретін ауыр жұмыстардың өзін сүйіп жасайды.

«Ең алғаш жұмысқа тұрған кезімде қиынсынып, жұмыстан шығамын деген кезім есімде. Бірақ марқұм әкем басу айтып, ең болмағанда өзіңе 1 ай уақыт бер, қолыңнан келмей жатса ғана жұмыстан кетіп үлгересің деген ақылын айтқан. Міне содан бері 38 жыл өтіпті. Қазір күнделікті жұмысымызды шемішке шаққандай жасап жүріміз», — деп еске алды.

Тау тұлғалардан тәлім алып, оны кейінгі жас мамандарға үлгі ретінде жалғастырып келе жатқан Күнсұлу Рахимова бізбен де өмір сабақтарымен бөліскен болатын: «Өмірдегі ұстанатын қағидам адамгершілік, еңбекқорлық, кішіпейілділік, сыйластық. Кейінгі жастар осыны ұстанса бар қиындықты жеңе біледі деп сенемін».

Иә, расында да берік ұстаныммен алға қойған мақсатыңа жету кез-келгеннің қолынан келе бермесі хақ. Бүгінде аразымызда осындай білім мен тәрбиені ұштастыра білген жандардың бары қуантады.

Зауыттықтар қайырымдылыққа үлес қосты

Атырау мұнай өңдеу зауыты қашанда жақсылықтың жаршысы бола білді. Кез-келген көмек сұраған жанның қолын бос қайтарып көрген емес. Әріптесіміздің басына сынақ түсіп, қызы Айымның дертіне байланысты емге көмек қажет екендігін жеткізген уақыттан бастап, зауыттықтар қолдарынан келген көмекті аяған емес.

Жас мамандар кеңесінің мүшелері «қайырымдылық – менен және сенен басталады» атты жәрмеңке ұйымдастырды.

Зауыт жастары қай кезде де ұйымшылдығын танытып жүреді. Жас мамандар кеңесінің мүшесі, ауыз толтырып айтар шаралардың үнемі басы-қасында жүретін орталық зауыт зертханасының лобаранты Тұрсынғұл Жантілеуова жәрмеңке жөнінде толығырақ баяндап берген еді: «Жәрмеңкеде тәтті бәліштер, дәмді тағамдар, ыстық самса, әр түрлі тәттілер, неше түрлі сусындар, қолдан жасалған бұйымдар және тағы да басқа көптеген заттар болды. Бұл идеяны бәрі бір ауыздан қолдап жәрмеңкеміз 1,5 сағатқа жетпей бітіп кетті. Түскен қаражат 415.000 теңгені құрады. Тіпті сол жерде жәрмеңкеге үлес қосуға келген зауыттықтар Айым балапанға жүрекжарды тілектерінде арнады. Арнайы тақтайшаға ілінген тілектер қатары бір ерекше рух берді! Осы тұста қайырымдылыққа қатысқан, үлес қосқан, жәрмеңкеде бар тәттісін дайындап алып келген, оны сатқан, сатып алған барлық зауыттықтарға, жүрегі кең жомарт жандарға үлкен алғыс

білдіреміз! Ананы-баламен, баланы-анамен сынамамын!»

Басшылықтың тарапынан қолдау тауып, белгіленген уақыттан әлдеқайда бұрын аяқталған жәрмеңке көлге түскен тамшдай болса да ата-ана үшін үлкен көмек бола білді. Сонымен қатар зауыттықтар бір күндік жалақыларын да Айым балапанның өміне аударды. Қаражаттың бір бөлігі зауыттықтардың көмегімен толықты. Енді Айым емге аттану үшін, жолға қамданып жатыр. Игі іске күе болған әріптесіміз әрі Айымның әкесі Аман Кикбаев АМӨЗ қызметкерлеріне деген ыстық лебізін телеграмдағы чатымыз арқылы білдірді: «Барша зауыттықтарға алғысымды айтамын. Өздеріңіздің бір күндік еңбек ақыларыңызды қызым Айымның отасына аударғандарыңызға Алла разы болсын. Сонымен қатар кәсіподақ ұйымына ота жасатқан кезде қаржылай көмектесіп, осы жинаққа да қолдау білдіргені үшін ризашылығымды айтамын. Отбасыларыңыз аман болсын. Жұмыста жемісті болыңыздар. Балалар ауырмасын. Осындай жақсы адамдар барда өлем мәнін жоғалтпай, ғаламат ғасырлар бойы өмір сүре бермек».



АКТУАЛДЫ

Дертіне дауа іздегендердің мәселесі қалай шешілмек?

2019 жылы MEDIKER компаниясы Атырау мұнай өңдеу зауытымен бес жылдық келісімшартқа қол қойып, 2024 жылы аталмыш келісім аяқталған болатын. Бүгінде төңдер жүйесінің мәселелері шешілгенше компания жұмысын 28 ақпанға дейін жалғастыруда.

Атырау мұнай өңдеу зауытының қызметкерлеріне қызмет көрсету кезіндегі жағдайларды баяндау үшін «Медикер Жайық» ЖШС директоры Ибрагим Кидирмаганбетов, медициналық қамтамасыз ету және клиенттермен жұмыс департаменті директорының орынбасары Жанат Сунчалиева, «Медикер Жайық» ЖШС директорының орынбасары Бақытжамал Иманалиева зауыттықтармен кездесу өткізген болатын. Мұнай өңдеушілердің медициналық сақтандыруға байланысты сұрақтары өте көп. Оған кейінірек тоқталатын боламыз. Әзірге статистикаға көз жүгіртсек.

– 2024 жылы 6495 адам мекемеде тіркелген. Оның 2617 зауыттықтар болса, 3878-і отбасы мүшелері. Оларға компанияның ҚР бойынша 450 медициналық орталықтары қызмет көрсетсе, оның ішінде Атырау облысы, Атырау қаласы бойынша 33 емханалар мен ауруханалар, 17 стоматологиялық клиника, 29 дәріхана жұмыс жасап тұр.

– 2024 жылы жүрек-қан тамырлары және несеп-жыныс жүйелерінің аурулары бойынша өтініштердің төмендеуі байқалады. АМӨЗ қызметкерлерінің санының артуына байланысты асқорыту, тыныс алу және сүйек-бұлшықет аурулары бойынша өтініштер шамалы өсті.

2024 жылы уақытша мүгедектіктің 1950 жағдайы тіркелді, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 24%-ға аз.

– Нозологиялар бойынша: тыныс алу органдарының аурулары – 48%, қан айналымы жүйесінің аурулары – 17%, сүйек-



бұлшықет және жүйке жүйесінің аурулары – 16%, несеп – жыныс жүйесінің аурулары – 7%, ас қорыту органдарының аурулары – 7%, басқалары – 5%.

– АМӨЗ Денсаулық сақтау пунктінде медициналық қызмет көрсету шарты шеңберінде де, диспансерлік науқастарға дерлік заттарды бере отырып, терапевт қабылдайды.

– Терапевт дәрігерінің жоспарлы жұмысы өндірістегі шұғыл қоңыраулар мен көліктердің санын азайтуға мүмкіндік берді. Кардиолог, лор, невропатолог, реабилитолог, стоматолог сынды мамандар да жоспарлы қабылдау жүргізуде. Талдаулар, күндізгі стационар, массаж, физиотерапия, жаттығу терапиясы бар процедуралық кабинеттің қызметтері көрсетіледі. ПМО жүргізу процесі автоматтандырылған.

– Сондай-ақ, зауыт аумағында эпидемиологиялық жағдайға байланысты одан әрі динамикалық бақылаумен жыл

сайынғы мерзімді медициналық тексеру және тұмауға және басқа вакциналарға қарсы вакцинация жүргізіледі.

– 2024 жылы: бекітілген кестеге сәйкес цехтардың санитарлық жағдайына 417 тексеру, зауыттың құрылымдық бөлімшелерінде 41 дәріс өткізілді, зауыттың 49 түрлі іс-шаралары мен жаттығуларына қатысты. Зауыттың жауапты қызметкерлерінің өтінімдері бойынша 37 дәрі қобдишасы толықтырылды.

– Сапалы медициналық тексеру – бастапқы әлеуметтік маңызы бар ауруларды (артериялық гипертензия, қант диабеті, жүректің ишемиялық ауруы және т.б.) анықтаудың КЕПІЛІ. Өткен жылдармен салыстырғанда анықталған сауықтыру санының артуы байқалады, бұл жалпы аурулардың айқын бастапқы нысандары санының төмендегенін көрсетеді, бұл 2024 жылдың қорытындысы бойынша – 32% құрайды. (2023 жылмен салыстырғанда – 35%,

2022 жылы – 62%). Сондай-ақ, бастапқы нысандарда анықталған жалпы аурулар санының 2024 жылы – 40% (2023 жылы – 30%) ұлғаюы байқалады.

Осындай нәтижелі есеп берудің соңында қызметкерлермен сұрақ-жауап айдары өткізілген болатын.

Сұрақ көп, көңіл толмаушылық та аз емес. Зауыттықтардың наразылығы көбіне медициналық орталық қызметкерлеріне арналды. Жиынға қатысушылар көптеген қызметтер сақтандыруға кірмейтіндігіне қапалы. Сонымен қатар стоматологияға бөлінген қаражаттың аздығы мен дәріхана қызметінің жүйесіздігін сөз етті. Өз кезегінде мамандар мұнай өңдеушілердің сұрақтарына мардымды жауап қайтаруға тырысты.

«Зауыттықтармен 5 жылдық қызмет барысында көптеген жұмыстар жүргізілді. Соның ішінде қызметкерлердің уақытын үнемдеу мақсатында, денсаулық сақтау пунктінде көптеген ашықтық танытамыз. Сондықтан шешілмейтін түйін жоқ. Алдымызға қойылған міндеттемелерді орындап, жақсартуға қолдан келгенін жасаудамыз. Сіздерге қолайлы дәріханалармен келісімшартқа отыруды қарастыруға да уәде береміз. Ал бөлінетін қаражат пен көрсетілетін қызметтердің ауқымдылығын зауыт басшылығы ғана шеше алады», – деп жауап қатты «Медикер Жайық» ЖШС директоры Ибрагим Кидирмаганбетов.

Қызметкерлердің арасында ақ халатты абзал жандарға алғыс білдіргендері де болды. Соның ішінде зауыт аумағындағы денсаулық сақтау пунктінің дәрігерлері мен жедел жәрдем қызметінің жұмысын жоғары бағалады.